




***Бір-бірімізге
жақсы тілек!***



Білімділік мақсаты: Оқушыларға сақтардың тәуелсіздік жолындағы күресте ерліктерін баяндап, танымдарын арттыру.

Дамытушылық мақсаты: Оқушылардың тарихи оқиғаларға өз бетінше тұжырымдай білуіне бағыт беру, логикалық ойлау қабілетін арттырып, ойын еркін айтып жеткізе білуге дағдыландыру

Тәрбиелік мақсаты: Оқушыларды өз тарихын құрметтеуге, ұлттық намысын оятып, ерлікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу

Сабақтың түрі: Жаңа тақырыпты игеру

Сабақтың әдісі: Баяндау, ОСКТТ, түсіндірмелі тірек-сызба, ойындар, тест сұрақтары,

Пәнаралық байланыс: Ежелгі дүние тарихы, әдебиет, археология
Көрнекі құралдар: Суреттер т.б

“Сиқырлы сандықша”



**1.Тас дәуірі нешеге бөлінеді?
(палеолит,мезолит,неолит)**

**2.Палеолиттің өзі неше кезеңге бөлінеді?
(ерте, ортаңғы, кейінгі)**

**3.Неолиттің басты жаңалығы не?
(балшықтан ыдыс жасау)**

**4.Адамзат тарихында ұзаққа созылған кезең?
(тас дәуірі)**

**5.Қола қандай металдардың қоспасынан дайындалды?
(мыс пен қалайы)**

**6.Сақтар туралы жазған грек тарихшысы кім?
(Геродот)**

**7.Сақтар неге табынды?
(аруақтарға, отқа, жылқы мен күнге)**

**8.Мал шаруашылығында сақтар негізі нені өсірді?
(жылқы, қой,түйе)**

**9.Парсы деректерінде сақтарды нешеге бөледі?
(тиграхауда,парадарайа, хаумаварга)**

**10.Грек деректерінде сақтарды қалай атады?
(дайлар, массагеттер,исседондар)**



“Қызығушылықты ояту”

тәуелсіздік

патшалары.

күресі

Сақ

Сақтардың

үшін

Қарашаның 2-сі

Сабақтың тақырыбы:

Сақ патшалары. Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі

Сатылай кешенді талдау



А

Л

Г

О

Р

И

Т

М

Негізгі ұғым → **Мазмұны**

1.Хронология

2.Елдің сипаты

3.Қоғамдық құрылысы


4.Ішкі жағдайы

5.Сыртқы жағдайы

6.Нәтиже

7.Тарихи маңызы

8.Қорытынды



1.Хр.б.з.б.ҮІІІ-ІҮғ

2.Сипаты. Әскери демократия

3.Басқару ісі –тайпаны көсем басқарды

4.Сақтардың әлеуметтік тобы:

4.1.жауынгерлер-қызыл түс

4.2.Абыздар-ақ түс

4.3.Малшылар мен егіншілер-сары түс



→ **Сақтар**

Шаруашылығы

Көшпелі мал шаруашылығы

Жылқы өсірді

Жартылай мал шаруашылығы

Балық аулады

Отырықшы мал шаруашылығы

Балық аулады

Мәдениеті

Б.з.б.VII ғ. Скифтік – сібірлік «андық стиль»

Зергерлік өнер

Ағаш

бұйымдары
Металл өңдеу

Діні

Анимизм

Негізгі ата-баба әруағына сыйыну

Тотемизм
мумиялау

Мәйітті сақтау бальзамдау,

Магия

Мәйәттерге қызыл бояу, жағу ал
қабір басына от жағу

Тілі

→ Шығыс ирандық



5. Тәуелсіздік үшін күресі:

5.1.б.з.б VIII-IVғ Ассирия Мидиямен одақтасып б.з.б. 530-529ж парсы патшасы Кирмен соғысты.

5.2.Сақтардың парсы патшасы I Дариймен соғысы б.з. б.519-518ж шырақ қулығын асырып, парсы әскерлерін түгел адастырып, қырғынға ұшыратты.

5.3.б.з.б IVғА.Македонский орта Азияға кіріп, сақтар жан қайырлықпен шайқасып, өз жерін македондықтардан қорғап қалды.


7.Сақ патшалары:

7.1.Томирис б.з.б 570-520ж

7.2.Зарина



8.Нәтижесінде-өз тәуелсіздігін сақтап, ерлік үлгілерін мұра тіне де қалдырған.



- | | | | | | | | |
|--|---|---|--|---|--|---|--|
|  | Территория царства Ассирия в первой половине-середине II тыс. до Р.Х. |  | Территория, принадлежавшая вассальным государствам от Ассирии ок. 640 г. до Р.Х. |  | Другие территории, в разные периоды принадлежавшие Ассирии |  | Цифрами на карте обозначены границы государств и области IX-VII вв. до Р.Х.: |
|  | Территория Ассирии в середине XIII в. до Р.Х. |  | Древнее государство и область |  | Древняя область |  | 1 Мидия |
|  | Границы Ассирии ок. 705 г. до Р.Х. | | | | |  | 2 Хурритская |
|  | Территория Ассирии ок. 640 г. до Р.Х. (при Ашшурбанипале) | | | | |  | 3 Арам |
| | | | | | |  | 4 Шуринская |
| | | | | | |  | 5 Халитская |
| | | | | | |  | 6 Парфия |
| | | | | | |  | 7 Ассирия (Тисф.) |
| | | | | | |  | 8 Мелит-Калликая |
| | | | | | |  | 9 Халликая |
| | | | | | |  | 10 Парфия |
| | | | | | |  | 11 Кир (Кирт. Кирт.) |
| | | | | | |  | 12 Касси |




Ұланатқы жүйелілігі
вейнәлілігі әшекей.
Бістем Қорған

Ескейір және өлгені жатқан Дарий.
Ескендірге арналған сурет
Низами, VI ғасыр
Мемлекеттік Эрмитаж



«Алтын адам»
Бістем Қорған



МАССАГЕТЫ

Тайпа және тайпалық одақтардың орналасуы



Б.з.б. 530 ж. Кир Жорығы

ПАРФИЯ

Ежелгі мемлекеттік құрылымдар



Б.з.б. 519-518 ж. Дарий I жорығы



Шайқас орындары





Б.з.б. 330-327 жж. Александр Македонскийдің жорықтары



Александр Македонскийдің бұйымдары

САҚТАР





Тарихи тұлғалар

Тарғытай – сақтардың тұңғыш патшасы. Шамамен біздің жыл санауымыздан 1500 жыл бұрын өмір сүрген. Тарғытай жөнінде алғашқы мәлімет Геродоттың “Тарих” атты еңбегінде берілген. Тарғытай Қара теңіз жағалауына қоныс аударған көшпелілердің алғашқы легінің басшысы. Тарғытайдың Липоксай, Арпақсай және Қолақсай атты ұлдары болған. Ұлы Тарғытай бабамыз арийлерден ата жұртта қалған тайпаларды ортақ ұлысқа ұйытқан ірі тұлға. Ғалымдар арасында қазіргі Тарбағатай тауының атауы осы Тарғытай баба есіміне байланысты қойылған деген де пікір бар.



Ишпақай – сақтардың көсемі. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 600 жылдар шамасында өмір сүрген. Көптеген тарихи еңбектерде Ишпақай есімі кездеседі. Мысалы, М.И. Артамоновтың “Кемерлер мен скифтер” атты еңбегінде “қолда бар деректерге сүйенсек, скифтер жаңа қонысқа орналаса салысымен-ақ, сол уақыттағы Алдыңғы Азия халықтарының арасында жүріп жатқан соғыс майданына бірден араласып кетіпті. Жыл қайыруымыздан бұрынғы 674-жылдың шамасында Ассирия өздеріне қарсы көтеріліске шыққан мидиялық тайпалармен соғысып жатқан болатын. Ассириямен екі арадағы соғыста скифтердің көсемі Ишпақай қаза тапты”, – деген тарихи деректі мәлімет берілген.

АМОРГА МЕН АТЕЙ – САҚ ПАТШАЛАРЫ

Аморга – сақтардың бір тармағының патшасы. Грек тарихшысы Ктесийдің деректерінде Иран патшасы Кир шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 535 – 534 жылдары Аморга елін шауып, Аморганың өзін тұтқынға түсіреді. Зайыбы Әспеттер ханша көп әскермен барып оны босатып алады. Кейін одақтасы ретінде Кирдің Мидияға қарсы жорығына қатысады. Геродот жазбаларында Аморганы Омарг деп атаған.

Ассирия – біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың бас кезінде Тигр өзенінің орта ағысы тұсында, қазіргі Ирак территориясында құрылған ірі мемлекет.



Атей – сақ патшасы. Біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырда өмір сүрген, бытыраңқы сақ тайпаларын біріктіріп, сол ғасырдың 40-жылдары Азау (Азов) теңізінен Дунай өзеніне дейінгі жерді алып жатқан орасан зор, дүние жүзі өркениетіне үлкен ықпал жасаған Сақ патшалығын құрды. Біздің заманымыздан бұрынғы 331 жылы Фракиядағы Александр Македонскийдің өкілі Зопириан патшалығының батысына басып кіріп, Ольвияны қоршады. Атей армиясы оларды түгелдей құртып жіберді. Атей біздің заманымыздағы бұрынғы 339 жылы Македония патшасы Филип II-мен соғыста қаза тапты.


АНАРЫС (АНАХАРСИС)

Анарыс, Анахарсис – сақ ғұламасы. Біздің заманымыздан бұрынғы VII – IV ғасырларда өмір сүрген. Тарихта “Скиф Анахарсис” деген атпен әлемге танылған. Анарыстың анасы эллиндік болған. Ол Эллинде сол кездегі белгілі білім мен өнердің барлық саласын меңгерген. Анарыс жөнінде Геродоттың “Тарих” еңбегінде айтылған. Платон “Мемлекет” деген еңбегінде Анарысты Гомер, Фалеспен қатар қойса, “Протагор” деген туындысында әлемдегі “жеті ғұламаньң бірі” деп таныған. Анарыс Афинада әйгілі кемеңгер Солонмен жақын дос болған. Оның есімі Аристотельдің “Аналитикасының” 2-кітабында, “Никомах этникасында” аталады. Анарыс туралы мол мағлұмат Лукианда да беріледі. Анарыстың көркем




бейнесін Плутарх жасаған, оның “Жеті ғұлама сауығы” аталатын еңбегінде Фалес, Солон, Периандр, Питтак, Биант, Хилон, Клеобулдармен қатар Анарыс та аталады. Анарыс есімі Мишель Монтеннің “Тәжірибелерінде” екі жерде аталады. Диоген Лаэртский “Атақты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері” аталатын кіта-

бында “Анарыс айтты” деген афоризмдер келтіреді. Оның дерегі бойынша, кемеңгер Анарыс ойлап тапқан. Кемеңгер Анарыстан қалған: “Басқа пәле тілден”, “Татымсыз мың достан адал бір дос артық”, “Базар – адамдардың бірінбірі алдап-арбап, ұрлап-жырлауы үшін әдейі жасалған орын”, “Элладалықтар қызық осы, мұнда сөзді ақылдылар айтады да, ал мәселені ақымақтар шешеді” сияқты, т.б. даналық сөздері бүгінге жетіп отыр. Анарыс шешендігін мойындағанның белгісі ретінде Афина зиялы қауымында “Скиф осылай сөйледі” деген мәтел тараған. Анарыс өмірі өз елінде аяқталған. Өлім аузында жатқан Анарыс: “Элладада мені ақылым сақтаса, туған жерімде қызғаныш құрбаны болдым” деген екен.



Грек тарихшысы
ГЕРАДОТ
Б.з.б 490/480-425 ж.ш.







Фукидид



Кир



Дарий





Сергіту сәті.

1.Егерде сіз мектепке көтеріңкі көңілмен келсеңіз-

Оң қолыңызды сілкіңіз

2.Егерде сіз адамның шыншылдығын бағаласаңыз-

Алға адымдаңыз

3.Егерде сіз адамдарды, олардың ұлтына қарамай құрметтеу керек деп санасаңыз- *Артқа шегініңіз*

4.Егерде сіз мемлекет қамын ойласаңыз-
шапалақтаңыз

5.Егерде сіз өзіңізді патриот деп санасаңыз-
Қолыңызды жоғары көтеріңіз

6.Егерде сіз Қазақстан басты орында болады деп сенсеңіз-
оң қолыңызды алға созыңыз.

7.Егерде сіз мемлекет болашағы біздің қолымызда деп сенсеңіз-
Қол ұстасыңыз



Симантикалық карта, мағынаны айыру; + -

Атаулар	Шаруашылығы	Территориясы	Сақ түрі
Тиграхауда Мургаб аңғары Көшпелі және отырықшы Қазақстанның Түркістан аймағы Мал шаруашылығы Хаумоварга Парадарайа			

**«САҚТАРДЫҢ ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ
ЖӘНЕ ОРНАЛАСУЫ»
/КЕСТЕНІ ТОЛТЫРУ/**

№	Сақ топтарының аты	Мекендері
1		Қара теңіздің солтүстігі, арал теңізінің маңында. Сырдария мен Өмударияның төменгі ағысында.
2	Шошақ бөрік киген сақтар (тиграхауда)	
3		Мургаб аңғарында

"Сақтардың тәуелсіздік жолындағы күресі" кесте толтыру

<i>Кімдер шапқыншылық жасады?</i>	<i>Қашан?</i>	<i>Сақтардың қолбасшысы</i>	<i>Нәтижесі</i>

Қорытынды

Бүгін біз оқушылар сақтардың еркін, ержүрек, батыр, батыл, тәуелсіздікті Жоғары бағалайтын халық болғанын дәлелдедік.

Сақтар-қазақтардың арғы тегі.

Сақтардың рухы ешлімізді әлі талай биік белестерге ,
талай жеңістерге жетелейді.

Осындай ата-бабаларымыздың болғанына біз мақтанайық,
бағалайық, сақтайық.

Жүректен шыққан жылы сөз!



Еліне ,туған жерге деген жақсы тілектер!